

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 тамыздағы N 900 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 384 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.06.2016 № 384 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 15 тамыздағы

N 900 қаулысымен

бекітілген

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері) ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

3. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланбаған нормативтік құқықтық актілері қолдануға жатпайды.

4. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілері әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ғана жарияланады.

5. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

6. Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының қызметкерлері орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

7. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады :

1) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын реттейтін заңнаманың сақталуын тексеру;

2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланбаған нормативтік құқықтық актілерін қолдануға жол бермеу;

3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін жариялау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманың бұзылуын анықтау және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

4) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын жүзеге асыру кезінде әдістемелік көмек көрсету.

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру

8. Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай функцияларды орындайды:

1) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын реттейтін заңнаманың сақталуына тексерулер жүргізеді ;

2) әкімшілік іс қозғау және іс материалдарын сотқа беру туралы шешім қабылдайды ;

3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жарияланған нормативтік құқықтық актілерінің мониторингін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады;

4) қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Бақылауды жүзеге асыру кезінде Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары мыналарға құқылы :

1) мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, жеке және заңды тұлғалардан бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға;

2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын реттейтін заңнаманың бұзылуын жою туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3) бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдардан түсініктемелер сұратуға ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қабылдауға.

3. Тексерулер жүргізу

10. Тексеру жүргізудің алдында мұқият дайындықтың болуы, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер зерделенуі тиіс.

11. Әрбір тексерудің алдында тексеру барысында зерделеуге жататын міндеттер мен мәселелер тізбесін, тексеру жүргізуге арналған топ құрамы және тексерулер жүргізуге қатысты өзге де мәліметтерді қамтитын тексеру бағдарламасы әзірленеді.

Тексеру бағдарламасын Әділет министрі, Әділет министрлігі аумақтық органының басшысы не оның орынбасарлары бекітеді.

12. Тексеру Әділет министрінің немесе Әділет министрлігі аумақтық органы басшысының бұйрығымен тағайындалады және Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

13. Тексеру жүргізуге кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

14. Тексеру жүргізу кезінде тексерушілерге тексерілетін субъектілерге объективті емес және ағат пікір айтуға, тексеру барысында алынған, Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық немесе өзге де қорғалатын құпияны білдіретін ақпаратты жария етуге жол берілмейді.

15. Тексерудің мерзімі алдағы жұмыстардың көлемін, қойылған міндеттер мен тексеруші топтың құрамын ескере отырып белгіленеді және 30 күнтізбелік кү н д і қ ұ р а й д ы .

Әділет министрінің, Әділет министрлігі аумақтық органы басшысының шешімі бойынша тексеру мерзімін ұзартуға рұқсат етіледі, ол 30 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

16. Тексеру аяқталғаннан кейін тексеруші топтың басшысы мен оның мүшелері және тексерілетін субъектінің бірінші басшысы қол қоятын екі данада тексеру актісі жасалады.

17. Тексеру нәтижелері қолда бар құжаттар мен материалдардан туындайтын тексерілген деректер мен фактілердің негізінде актіде баяндалады.

18. Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар тексеру актісінде объективті түрде, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен фактілерге сілтеме жасалып баяндалуға тиіс.

19. Тексеру актісінің бірінші данасы тексерілетін субъектінің бірінші басшысына тапсырылады, екіншісі тексеруші топтың басшысында қалады.

20. Тексерілетін субъектінің бірінші басшысы тексеру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл актіде тиісті жазба жасалады.

Тексерілетін субъектінің тарапынан тексеру актісі бойынша қарсылық болған кезде, оның басшысы өзінің қолы алдында бұл туралы ескертпе жасайды және жазбаша қарсылығын қоса береді.

Жазбаша қарсылықтарда баяндалған фактілердің дұрыстығы тексерілуге тиіс және олар бойынша топтың басшысы жазбаша қорытынды береді.

21. Сондай-ақ, тексеру актісіне бұзушылыққа жол берген лауазымды адамдардың түсініктемелері де қоса беріледі.

22. Тексеру нәтижелері бойынша Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды.